

**Байғанин ауданының Қоғамдық кеңесінің отырысының
№3 хаттамасы**

2024 жыл «27» маусым

Қарауылкелді ауылы

Отырысқа шақырылғандар: Байғанин ауданы Қоғамдық кеңесінің мүшелері. Қатысты – 7 адам, сонымен қатар отырысқа аудандық депутаттар, «Байғанин аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімі» ММ-нің атқарған жұмыстары туралы басшысы А.Межеш қатысты.

Күн тәртібінде:

1. «Байғанин аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімі» ММ-нің атқарған жұмыстары туралы

Б.Тажімұратов

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері! Бүгінгі отырысқа Қоғамдық кеңестің 11 мүшесінен 7 мүшесі қатысып отыр. Күн тәртібінде қаралып жатқан мәселе бойынша «Байғанин аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімі» ММ-нің атқарған жұмыстары туралы басшысы А.Межешке сөз беріледі.

Тындалды: Байғанин аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімінің басшысы А.Межештің баяндамасы (баяндама қоса жалғанды) Баяндамашыға сұрақ бола ма?

Сұрақ –Тажімұратов Б: Ауданда ауылшаруашылық өнімдерін өндіру бойынша картоп,сәбіз егетін адамдарға несие беру жұмыстар жүргізіліп жатырма?

Жауап Межеш А: Былтырғы жыл мен ауыл аманаты бағдарламасы мен несие берілді кәзіргі таңда мал шаруашылығы бағыты қосылғаннан кейін көп бөлігі несиені мал шаруашылығы бойынша алып жатыр.

Сұрақ –Тажімұратов Б: Ауданымыздан азық түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын ашу керек өндірілген өнімді тапсыратын жер керек ?

Жауап:Межеш А:Жұмыстанамын.

Сұрақ–Тажімұратов Б: Басқа аудандарда сүт жинап тапсыру ұйымдастырылған азық-түлік дүкендеріне өткізіп, тоңазтқыштар қойып таза өнімді тұрғындарға ұсынылса?

Жауап:Межеш А: Ауданымыздағы ірі сауда орындарымен ашық сатылымға тоңазтқыштар қою жөнінде келісімдер жүргізілетін болады, жұмыс барысы ескертіледі.

Сұрақ –Мәжи М: Мал шаруашылығы өнімдерін өткізетін жерлерден қандай мүмкіндіктер бар, жүн,тері, етті қайда өткіземіз?

Жауап:Межеш А:Облыста қолға алынып жатыр іске қосылғаннан кейін қабылдау бойынша жұмыстар жүргізілетін болады .

Сұрақ –Мәжи М: Мал сойылатын орынға не жетіспейді?

Жауап:Межеш А: Тоңазтқыш етті сақтайтын, малдың терісін тапсыратын жер жетіспейді.

Сұрақ –Сержан М:Қызылбұлақ ауылдық округіне қарасты 2Ағайын шаруа қожалығының басшысы етті өткізетін жер керек екендігін айтты көмек көрсетіп жіберсеңіздер?

Жауап:Межеш А:Мал сою пунктiнiң басшысы мен шаруа қожалық басшысымен өзара келісім сөздер жүргізілген болатын ірі қара малдарыңызды қабылдаймын деп келісім болды.


Ұсыныс

1.Аудандағы өндірілген өнімді тұтынушыға жеткізу, тоңазтқыштар қойып мәселесін шешіп беруге көмектесу.

Б.Тажімұратов: Қоғамдық кеңес мүшелеріне отырысқа қатысқандарыңызға алғыс айтамын.Отырысқа қатысқандарыңызға рахмет.

Төраға

Хатшы



Б.Тажімұратов

Ж.Көшкінбай